

"2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Көкшетау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № А-6/1502 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № А-12/2977 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 5651 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңдарына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Көкшетау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № А-6/1502 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5481 тіркелген, "Степной маяк" және "Көкшетау" газеттерінде 2016 жылдың 2 тамызында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Маржыкпаев

Көкшетау қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 09 желтоқсандағы
№ А-12/2977 қаулысына
қосымша

Көкшетау қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 27 маусымдағы
№ А-6/1502 қаулысымен
бекітілген

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Елді мекеннің атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны				Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)			
	Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық		Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық	
	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік
Көкшетау қаласы	2224	1005	180	0	25 481	25 481	18 532,9	0

кестенің жалғасы

Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-аналардың бір айлық төлемінің мөлшері (теңге)			
Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық		Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық	
Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік	Мемлекеттік	Жеке меншік
25 481	25 481	18 532,9	0	10391,4	17697,4	10391,4	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК